

Қ. М. Борбасова

## ЖАҢА ДІНИ ҰЙЫМДАР ОНЫҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ

Діни ұйымның пайда болуы бұл құрылымның бір нысанға ұзақ айналу процесінің нәтижесі және бұдан бұрынғы діни қозғалыстардың салдары болып табылады. Дін социологиясында діни қозғалыс жаңа қоғамдық тәртіпті орнатуды мақсат еткен топтық қызмет ретінде қарастырылатын әлеуметтік қозғалыстың бір түрі болып анықталады. Әлеуметтік қозғалыс адамдардың өздерінің тілектері мен сұраныстарын іске асыра алмай, қоғамдық өмірге қанағаттанбай, алаңдаушылық сезімдерінен бастау алады. Дәстүрлі діни сенімнің рөлі әлсіреп, рухани тоқырау басталған кезеңде адамдар өз наразылықтарын эмоциямен, ұйымдаспаған түрде көрсетеді. Социологтар К. Даусон мен У. Геттистің берген топтамасы бойынша бұл әлеуметтік қозғалыстың төрт кезеңінің біріншісі болып табылады [1]. Әр кезеңнің ерекшелігіне сай көшбасшы болады.

Бірінші кезеңнің көшбасшысы – үгіттеуші. Оның міндеті дәстүрлі көзқарастар мен сенімдерді жою, халықтың ашуын қоздырып, ұйымдасқан қозғалысқа қажетті жағдайға түрткі болу.

Екінші кезеңді әлеуметтік толқын ретінде анықтауға болады. Бұл кезеңде жаңа діни көзқарастар жүйесі пайда болады. Бұл сенімді қабылдаушылардың ойынша жаңа діндер әлеуметтік тәртіп орнатады, олардың өмірлерінің мәні ашылып, жеке бастарының жағдайы шешіледі. Халықтың эмоциональдық және әлеуметтік қобалжуы күшейеді. Діни көшбасшылар пайғамбарлық, көріпкелдік қасиеттерін жариялауымен мінезделеді. Бірақ, әлеуметтік қозғалыс белсенді қолдаушылары қанша көп болса да ұзақ уақытқа созыла алмайды. Діни қозғалыс өзінің мақсатын жүзеге асыру үшін, өзінің сыншылары мен оппоненттерінен қорғану үшін, қоғамда орнықты институт ретінде өзін көрсету үшін ол діни бірлестік түрінде ресми тіркеледі. Бұл үшін діни ұйымның қойған мақсатына жетудің топтық идеологиясы мен методтарының тұжырымдалуы керек, еңбекті бөлу жүйесі жасалуы керек, ұйымдағы билікті ресмилеу, ұйымның қатардағы мүшелерін бақылау, діни рәсімдерді реттеу мәселелері шешілуі міндетті. Бұл жерде көшбасшы үлкен рөл атқарады. Ол мемлекет немесе саяси қайраткер сияқты өзінің жеке әулиелігіне қоса практикалық іскерлікті, ұйымдастырушылықты біріктіретін тұлға.

Үшінші кезеңде егер сөз әлемдік діндер туралы болса, онда діни қозғалысындағы миссионерлік потенциал күшейе түседі, олар жаңаша өмір сүрудің мүмкіншіліктерімен

бөлісуге ұмтылушылық көрсету арқылы жаңа сенушілерді жинап, өзінің әлеуметтік базасын кеңейтуге ұмтылады.

Төртінші кезең діни қозғалыстың аяқталатын сатысы болып табылады. Институтциялану процесі шіркеудің жаңа әлеуметтік институт ретінде құрылуымен аяқталады. Бұл кезең орнықтылығымен, формализм мен конформизмнің күшейуімен, діни сенімдегі эмоцияның басылуымен, рухани өсуге қажетті потенциалдың болмауымен мінезделеді. Осылардың себебінен сенушілер арасында наразылық туып, жаңа діни қозғалыстардың алғы шарттары жасалады. Көшбасшылық бұл жерде әкімшілік-бюрократиялық қызмет атқарып, қалыптасқан тәртіпті сақтауға бағытталады.

Діни қозғалыстың негізі сенушілер болағандықтан социологтар сенушілердің классификациясын жасауға бірнеше рет талпыныс жасады. Солардың бірі Габриэл Ле Браның классификациясы. Бұл зерттеу Франциядағы католик шіркеуінің материалдары бойынша жүргізілсе де, зерттеудің ғылыми тұжырымдарын дінтанушылар барлық христиандық конфессияларға қолдануға болады деп қабылдап отыр.

Габриэл Ле Браның ойынша дінге сенушілерді төрт топқа бөлуге болады:

бірінші топ - шіркеуге қатысты «бөтендер» (бұл адамдар шіркеуден толық кеткен немесе ешқашан, ешқандай дінді ұстанбағандар);

екінші топтағылар «мауысымдық конформистер» (шіркеуге тек жасына байланысты (мауысымдық) жасалатын ғұрыптарды: шоқыну, некеге отыру, жаназа шығаруды орындау мақсатымен келеді);

үшінші топтағылар «тәртіпті діндарлар» (жүйелі түрде жексенбілік Құдайға құлшылықты атқарып отырады: күнәні мойындау, нан үзу рәсіміне қатысады);

төртінші топтағылар «екіжүзділер» немесе жауынгер діндарлар (бұл адамдардың діндарлығы діни міндеткерліктің шеңберінен шығып кетеді).

Бір діни ілімді мойындайтын және соған байланысты ғұрыптарды орындайтын дінге сенушілердің бірлестігі діни қоғам деп атайды. Діни қоғамдардың бірлестігі діни қауымдас-тықты немесе бірлестікті құрайды. Діни бірлестіктер біртіндеп қоғамдық тәртіпке икемделіп, өзінің ұйымдасқан жүйесін жасап алып, әлеуметтік институт ретінде шіркеуге айналады. Христиандықты зерттеудің негізінде М. Вебер мен Э. Трельч діни ұйымдардың дихотомиялық типологиясын ұсынды. Бұл

типологияда діндер шіркеу және секта болып бөлінеді, («шіркеудің ішіндегі шіркеу») яғни шіркеудің ішінде пайда болып, кейін одан бөлініп шығады.

XX-шы ғасырдың екінші жартысында бұл зерттеуді американдық ғалымдар Р. Нибур мен Г. Беккер жалғастырды. Р. Нибур діни ұйымның даму сатысындағы сектадан шіркеуге айналуындағы аралық кезенді көрсету үшін деноминация ұғымын кіргізді. Г. Беккер қазіргі жаңа діни бірлестіктердің формасын культтер деп атауды ұсынды. Секта біртіндеп деноминацияға, одан кейін шіркеуге айналуы мүмкін, немесе өз дамуында осы кезендердің бірінде тоқталуы мүмкін.

Діни ұйымдар өздеріне тән ерекшеліктеріне байланысты бөлінеді. Діни ұйымдарды түрге бөлгенде олардың ұйымдастырушылық жүйесі, зайырлы ортаға қатынасы (қоғамға, мемлекетке), азаптан құтқарылу жолының жүзеге асырылуы, сол ұйымға мүше болу ерекшелігі негізгі өлшемдер болып есептеледі.

Өте көп және әртүрлі практикалар мен сенімдердің дін социологиясында «секта» терминімен түсіндірілетіндігінен діни бірлестіктерді классификациялау қажеттігі күшейе түсті. Осы орайда американдық социолог Брайн Уилстың ұсынған діни бірлестіктердің типологиясы дінтануда бірауыздан қабылданғандығын айта кету керек. Брайн Уилс секталарды үш көрсеткіші - дүниеге деген қатынасы, іс-әрекеті және сенімі бойынша салыстырып, секталарға тән келесі ерекшеліктерді атап көрсетті:

- 1) мүшеліктің еріктілігі;
- 2) мүшелікке кіру арнайы сынақтан кейін ғана мүмкін;
- 3) тек өз қоғамдарының ерекше екендігіне сенімділік;
- 4) өздерін таңдаулылардың қауымдастығы ретінде бағалау;
- 5) жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіріп отыруын талап ету;
- 6) қоғамның барлық мүшелерінің кереметтілігі;
- 7) дінге сенушілер діни сенімдерін спонтандық түрде көрсетеді;
- 8) пендешілік өмірге бейімделудің жоғары деңгейі;
- 9) әлеуметтік өмірге дұшпандық қарым-қатынас;
- 10) тоталитаризм.

Уилсонның өзі бұл көрсеткіштер жалпылама ортақ белгілер, жоғарыдағы мінездемелер діни бірлестіктерде біріккен түрде көрініс табады деп атап көрсетті. Осыдан келіп ол сектаға жатқызатын христиандық діни бірлестіктердің классификациясын береді.

1. «Үндеу таратушылар» - халық арасында

евагелизация саясатын жүргізеді, Оларға халыққа үндеу жариялау тәжірибесі маңызды (Құтқару әскері, елуіншілер).

2. «Адвентистер» -Христостың Жер бетіне екінші рет келуі мен қалыптасқан тәртіптің жойылуына, дәстүрлі шіркеулер мен пенделік өмірді жоққа шығаруға акцент жасалады. (XIX ғасырда пайда болған британдық және американдық секталар: Иегова куәгерлері, мармондар, адвентистер).

3. «Пиеттер» - діндарлардың ойын өз-өзіне бағыттап, оларды әлеуметтік өмірден алшақтатады, оларда топтың ішкі моралі өте күшті және басқа діни ағымдарға индифферентті қарым-қатынас басым.

4. «Гностиктер» – христиандық ілімнің жаңа, эзотерикалық рухтағы түсіндірмесін ұсынады, өздерінің ілімдерін адептер біртіндеп қабылдайтын эксклюзивті деп жариялайды, қоғамдық құндылықтар мен мәдени стандарттарды қабылдайды (Христиандық ғылым, Жаңаша ойлау).

5. «Ғажайып жасау» – спиритизммен айналысатын діни бірлестіктер.

6. «Реформистер» – жалпы сектанттық топтардан тыс тұратын ұйымдар. Олар дүниеден баз кешіп, қоғамдық мәселелерден қашпайды, керісінше оларды қайырымды істермен шешуге ұмтылады. Деноминациядан айыру өте қиын сектанттықтағы маргиналдык категория (квакерлер)

7. «Утопистер» – дүниені өзгерту мақсатында дүниеден баз кешеді, бірақ барлығын өз ұйымдарынан бастауды қалайды.

Уилсон ұсынған секталардың қысқаша сипаттамасынан өзінен-ақ «секта» категориясындағы жасырын күрделі мәселелердің бірі – ондағы сепаратизм мен изоляционизм этикасымен қатар («гностиктер» және «пиетистер») дүниені өзгертетін белсенді әлеуметтік қызмет пен азаптан құтқаратын жақсы хабарды жар салушы (үндеу таратушылар, адвентистер, реформистер) көптеген секталарға қажет уағыздау қатар жүреді. Бірақ біз қарапайым сана деңгейінде немесе конфессиональдық түсінік шеңберінде «секта» ұғымы жағымсыз діндердің анықтамасы немесе басқа дінге сенушілерді жағымсыз жағынан көрсету мақсатында қолданылатындығын көреміз. Мұндай көзқарастың қалыптасуына әр түрлі факторлар: мысалы, «басқа» діни бірлестіктің діни ілімі мен практикасы туралы мәліметтің аз болуы; бұл ұйым мүшелерінің өз адептеріне қатал талап қоюы; шексіз билікті иеленген көшбасшысының болуы; қауымға жаңа мүше кіргізу мақсатындағы белсенді прозелитизм тағы да басқалар. Сонымен қатар бұл діни феноменді әлемдегі діндердің барлығының

тарихының нақтылы бір кезеңдерінен байқауға болады. Кез келген діннен жаңалыққа бейім діни топтың пайда болуы мүмкін және де оны сектанттық ретінде бағалауға болады; немесе бір діннің практикасында фундаменталистік бағыттың күшеюі жағымсыз жағдайды тудырып, сол діннің мүшелеріне әсер етіп, сектанттық көңіл күйді көрсетеді.

Осы жағдайға байланысты көптеген зерттеушілер «секта» ұғымын қолданудан бас тартуды ұсынуда. Бірақ, дінтанушылардың бір бөлігі бұл ұғымды діни топтың әлеуметтік тіршілігін белгілеу үшін қабылданған ыңғайлы термин ретінде қолдануда.

Қазіргі Қазақстан территориясында таралған «дәстүрлі емес діндердің» барлығының секта деп аталынып жүргендіктерінің өзі олардың ілімдік және құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты болып отыр деп тұжырымдауға болады. Әрине жоғарыда берілген анықтама Олардағы ортақ сипаттамалар:

– әлеуметтік тұрғыдан өзара көмек және қолдау көрсету;

– кішіпейілділік және тәуелсіздік сияқты құндылықтарды қолдай отырып, өз көзқарастары мен идеологияларын таратуға тырысу;

– кез-келген аймақтағы мұқтаждық, жұмыссыздық, сауатсыздық және панасыздық сияқты әлеуметтік және экономикалық проблемаларды пайдалану;

– осы аймақ халықтарын, олардың басынан кешіріп отырған қиын жағдайларды пайдалана отырып, өз қатарларына тартуға тырысу;

– жұмыссыз, әлеуметтік жағдайы нашар, ұлттық және рухани құндылықтарынан хабары жоқ жастарды өздері үшін мақсатты түрде миссионерлерге айналдыру;

– мемлекеттік төңкеріс, қайта құрулар болып жатқан елдерде жан-жақты ұйымдасу жұмыстарын жүргізу.

Тізімде берілген мінездемелер барлық діни бірлестіктерден бірден көрінбейді, тіпті тән де болмауы мүмкін. Бірақ бұл жаңа ағымдарды секталар деп анықтаудың негізгі себебі – бұл ұйымдарда топ мүшелерін физикалық және психологиялық тәуелділікке түсіруді мақсат етеді [2]. Барлық культтерге ортақ нәрсе секта басшыларының саяси мақсаттары, билік жүйесінде өз агенттерін ұстау. Бірде-бір ағым бұрын айтылмаған немесе қолданбаған адамгершілік құндылықтарды ұсынбайды, негізінен бұл ағымдардың іліміне мына ерекшеліктер тән: өз құдайларына сыйынады, «ақыр заманды болжайды», «жоғарғы ақыл-оймен» байланысқа түседі, «өлгеннен кейін қайта тірілу» мүмкіндігін береді.

Бұл ұйымдарда тірі адамға табынады (ұйым басшылары тірі құдай ретінде қабылданады), діни ілімдері эсхатологияға негізделеді, жиындарының көпшілігі жасырын өткізіледі, ұйым мүшелері қатал рухани бақылауда болады және бұл ұйымдар қоғамға қарсы әрекеттер жасайды. Кейбір авторлар осындай анықтаманы деструктивтік дінге немесе діни жаңа құрылымдарға береді [3]. Бұл ұйымдардың барлығы дәстүрлі діни конфессиялар сияқты өмірдің мәнін іздеу, жанның мәгілігі туралы, азаптан құтылу, өзін-өзі жетілдіру сияқты адамның рухани тіленістеріне байланысты мәселелерге көңіл бөледі. Сондықтан да олар өздерін дәстүрлі діндер қатарына жатқызуды талап етіп, көбінесе Біріккен Ұлттар Ұйымына (БҰҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық жөніндегі ұйымға (ЕКҰҰ) негізсіз шағымданып, ешқандай нәтижеге жете алмай жатқандары белгілі. Олар тіпті «дәстүрлі емес дін» деген ұғымды алып тастауды ұсынуда. Себебі бұл ұғым дінге сенушілердің құқығын шектеуге мүмкіндік береді деп негіздейді.

Дінтану саласында жаңа діни ағымдарды зерттеп, олардың ілімдерінің мәндік белгілерін анықтап, қызметіне баға бергенде бұл діни ұйымдардың дәстүрлі діндерден елеулі айырмашылықтары барлығын дәлелдеді. Ендігі кезекте осы ғалымдардың берген анықтамаларына сәйкес ұғымдарды заңдастыру мемлекеттер алдында тұрған міндет.

1. *Гараджа В. И. Социология религии. Учебное пособие. – М., 2006.*

2. *Дворкин А. Сектоведение. Тоталитарные секты. Опыт систематического исследования. – Нижний Новгород: Издательство «Христианская библиотека», 2006.*

3. *Хассен С. Освобождение от психологического насилия. СПб., 2001.; Волков Е.Н. Исцеление от рая. – М., 2007.; Шапарь В.Б. Психология религиозных сект. Харвест, 2004.*

4. *Куликов И. Новые религиозные организации России деструктивного и оккультного характера: Справочник Миссионерский Отдел Московского Патриархата Русской Православной Церкви. Информационно-аналитический вестник № 1. - Изд-е 2-е, переработ, и дополн. - Белгород, 1997. - 459 с.*

\*\*\*

В статье рассматривается проблема классификации религиозного новообразования

\*\*\*

In article the problem of classification of religious is considered